




Қазіргі заманғы ұрыс сипаты



Ұрыс- соғысушы екі жақтың бөлімі мен бөлімшелерінің (ұшақтарының, кемелерінің), әскерлерінің ұйымдасқан қарулы қақтығысы.

Қазіргі заманғы ұрыс жалпы әскери болып табылады. Оған әуе қорғаныс күштері, ұтқыр әскерлер, құрлық әскерлерінің бөлімдері мен бөлімшелері, сонымен бірге теңіз жағалау бағыттары қимылдарында- шекара қызметіндегі теңіз дивизия кемелері және әскери-теңіз күштері қатысады.


Қазіргі заманғы ұрыстың негізгі белгілері: айлалылық (маневрлілік), жоғары өзгермелік, жағдайдың тез және шұғыл өзгеруі, майдандағы және тереңдіктегі ұрыс дамуының бір қалыпсыздығы, ұрыс жүргізу тәсілдерінің әр түрлілігі, жеке құрамының моральдық-психологиялық және дене күш салуының жоғары болуы



Ұрыс түрлері және олардың сипаттамасы



Ұрыс мақсатына және тактикада қол жеткізу әдістеріне байланысты ұрыстың төмендегідей түрлері болады: шабуыл, қорғаныс және шабуылдың ұрыстық түрінде-бетпе-бет ұрыс.




**Ұрыс түрлері және
олардың
сипаттамасы**

шабуыл

қорғаныс

бетпе-бет ұрыс



шабуыл

Ұрыстың негізгі түрі. Шабуылдың мәні: шабуылдаушы әскер барлық қолда бар атыс құралдарын, сондай-ақ ядролық қаруды қолдану жағдайында ядролық қаруды пайдаланып қарсыласты талқандап және қол жеткізген нәтижелерді пайдалана отырып, қарсылас орналасқан тереңдікте шапшаң енеді, сөйтіп, оның тірі күшін, қару-жарағын, ұрыс техникасын жояды да, қарсылас орналасқан аймақты басып алады.

қорғаныс


Қарсыластың басым күшінің шабуылын тойтару, оны едәуір шығынға ұшырату, орналасқан бекіністі (позицияны) ұстап тұру және кейін шешуші шайқасқа шығу үшін тиімді жағдай жасау мақсатында жүргізілетін ұрыс түрі. Бөлімшенің қорғанысқа көшуі қарсыласпен тікелей түйісуі немесе онымен түйісуінен тыс жағдайында жүргізілуі мүмкін.

бетпе-бет

Шабуылдық ұрыстың бір түрі. Ол екі жақ қойылған мақсатты шабуылмен

орындауға ұмтылған кезде жүргізіледі. Бетпе-бет ұрыс көбіне шеру жасайтын әскерлерге тән. Ол ұрыс барысында: **шабуылда-** қарсыластың қарсы шабуылын тару кезінде, **қорғаныста-** шабуылдаушы қарсыласқа қарсы шабуыл жасау кезінде де тууы мүмкін. Бетпе-бет ұрыс кезіндегі әскерлердің қимылы негізіне- қолда бар барлық

атыс құралдарымен

- 
- *Қазіргі заманғы ұрыс ядролық қару және жеңіліске ұшыратудың басқа да құралдарын немесе тек әдеттегі қару-жарақтар қолданып жүргізілуі мүмкін. Қарсыласты талқандау және ұрыста жеңіске жету, қарудың барлық түрлерінің қуатты соққылары, ұрысқа қатысушы бөлімдер мен бөлімшелердің белсенді және шешуші қимылдары, жауынгердің моральдық және дене күштерінің шектік төзімділігі нәтижесінде мүмкін болады.*